

Дейртам Нұрсұлтан
12.02.24 ж.

№ 11 Келісім шарт

Шәуілдір ауылы 25.01 20 24 ж

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының әкімшілігі, меңгерушісі А.Б.Шуленбаева тарапынан, бұдан былай «Әкімшілік» деп аталады және ата-ана (лар)

Бекетов Нұрали
Екінші жақтан, төмендегі келісім шартқа тұрады.

I. Келісім шарт негізі.

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының әкімшілігі Дейртам Нұрсұлтан торын берді, ата-ана (лар) Бекетов Нұрали берілген келісім шартқа сәйкес баласының «Балдәурен» бөбекжай-бақшасындағы тәрбиеленуі мен тамақтануына төлем жүргізеді.

2. Келісім шарт төлемдер мен сынақтар.

- 2.1 Баланың балабақшада тәрбиеленуі мен тамақтануының төлем ақысы бір күнтізбелік айға, теңгемен.
- 2.2 Төлем әр айдың 15-25-не дейін жүргізілуі тиіс. Бағасы 8000 теңге
- 2.3 Төлем толық жүргізіледі, баланың тәрбиеленуі мен тамақтануына жартылай төлем ақы қабылданбайды.
- 2.4 Баланың тәрбиелену ақысының ішіне оның (театрға, циркке, кинотеатрға, т.б) бару ақысы кірмейді, ол іс-шараларға төлем жүргізіледі.
- 2.5 Балабақшадан бір күн себепсіз қалған жағдайда ақы үш күнге де жүргізіледі, тәрбиелену мен тамақтануына да төленеді.
- 2.6 Балабақшадан бір күн себепсіз қалған жағдайда ақы үш күнге жүргізіледі.
- 2.7 Әкімшілік өз тарапынан берілген келісім шартта ата-ана баласының тәрбиеленуі, тамақтану ақысы келесі айдың 10-на дейін өткен айдың ақысын төлемеген жағдайда бұзуға құқылы.
2. Ата-ана бақшадан тыс уақытта, демалыс кездерінде, мереке күндерінде түнгі мезгілінде баланың жауапкершілігіне толық мойнына алады.
- 2.9 Тосын оқиғалар болған жағдайда, тәртіпті бұзған баласына қарамағаны үшін жауапты болады.

Екінші жақтың құқықтары мен міндеттері.

3. Әкімшілік құқықтары мен міндеттері

- 3.1 Әкімшілік ата-ананың төлем ақысына сәйкес балаға күніне 3-рет тамақтандыру қызмет ұсынады.
- 3.2 Әкімшілік-топ тәрбиеші тарапынан баланың балабақшада болу мерзімі 8.30-ден 17.30-ға дейінгі уақытта оның өмірі мен денсаулығына жауапты.
- 3.3 Әкімшілік баланы тәрбиешінің қолына тапсырған жағдайда оның өмірі мен денсаулығына жауап бермейді.
- 3.4 Әкімшілік Қ.Р Білім министрлігі бекіткен оқу жоспарына сай баланың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға міндетті.
- 3.5 Әкімшілік ата-ананың тілегі бойынша ақылы үйірмелер (ағылшын тілі, би және т.б) ұйымдастыра алады.
- 3.6 Әкімшілік баланы алкоголь ішімдігін ішкен немесе есірткі қолданған ата-анаға бермеуге құқылы.
- 3.7 Әкімшілік баланың бойында медициналық сырқат (педикулезге, энурез, судорожный синдром, қышыма, дене қызуы т.б) анықталған жағдайда баланы балабақшаға қабылдамауға құқылы.
- 3.8 Әкімшілік және тәрбиеші ата-ананың рұхсат қағазынсыз кәмелетке толмаған отбасы мүшесіне бермеуге құқылы.
- 3.9 Әкімшілік баланың балабақшада зергерлік бұйымдарын жоғалтқаны үшін жауап бермейді..

3.10 4. Ата-ананың құқықтары мен міндеттері

- 4.1 Ата-ана (лар) баланы балабақшаға 9.00-ден кешіктірмей әкеліп 17.30-дан әкетуі қажет.
- 4.2 Ата-ана (лар) баланы балабақшаға таза, ұқыпты, дені сау қалыпты әкелуі тиіс.
- 4.3 Ата-ана (лар) келісім шартқа сәйкес баласының балабақшада тәрбиеленуі және тамақтану ақысын уақтылы төлеп отыруы қажет.
- 4.4 Ата-ана (ларға) баласын топ тәрбиешілері қолына тапсыруынан кейін әкімшілік және тәрбиеші баланың өміріне жауап бермейді
- 4.5 Бала сырқатына байланысты балабақшаға келмеген жағдайда, ата-ана(лар) ол туралы бір күн ішінде, ал жұқпалы аурумен ауырған жағдайда диагнозы анықталғаннан кейін 3 сағаттың ішінде хабардар етуі қажет.
- 4.6 Бала сырқатына байланысты балабақшаға келмеген жағдайда, ата-ана баласының орны сақталуы үшін жазбаша медициналық анықтама ұсынуы тиіс
- 4.7 Қосымша ақылы қызметтерге (ағылшын тілі, би үйірмесі т.б) көрсетілген жағдайда оның төлемін уақтылы төлеуі қажет.
- 4.8 Ата-ана (лар) баланы жиі қалдырмауға тырысуы керек, себебі оның білім деңгейіне әсер етеді.
- 4.9 Ата-аналар жиналасының хаттамасына сәйкес, шаруашылық шығындары ата-ана жарнасына кіреді.
- 4.10 Ата-аналар жазбаша түрде өзі туралы мәлімет-тегі, аты, әкесінің аты, мекен жайы, үй, жұмыс орны сымтетігі нөмерін беруі тиіс, салыққа тіркеліп, баланы балабақша кезегіне қою қажет.
- 4.11 Ата-аналар балабақша мүлкіне ұқыпты қарауы қажет.
- 4.12 Ата-аналар баланы балабақшаға өзі әкеліп, кіре беріске шешіндіріп тәрбиешіге немесе тәрбиешінің көмекшісіне табыстауы тиіс және балабақшадан өзі киіндіріп алып кетуі тиіс.
- 4.13 Баланы отбасы мүшелерінен басқа адам алатын болса және кәмелетке толмаған болса, баланың ата-анасы ол туралы әкімшілікке жазбаша түрінде хабардар етуі қажет
- 4.14 Ата-ана (лар) іс-шараларға қатысып, өзінің ұсыныстарын енгізуге, балабақшаның қоғамдық өміріне қатысуға құқылы.
- 4.15. Ата-аналардың баланы мектепке дейінгі ұйымда психологиялық сүйемелдеуге құқылы

5. Келісім шарт мерзімі

5.1 Келісім шарттың мерзімі

Басталуы « _____ » 20__ ж

Аяқталуы « _____ » 20__ ж

6. Талаптарды шешу тәртібі

- 6.1 Келісім шартқа байланысты туындаған барлық талаптар мен келіспеушілік екі жақтың кездесуі арқылы шешіледі.

7. Келісім шарттың талаптарын өзгерту.

- 7.1 Келісім шарт екі жақтың келісімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Келісім шарттың барлық өзгертулері мен толықтырулары жазбаша түрде көрсетілген жағдай да ғана жүзеге асырылады.

8. Келісім шарттың басқа талаптары

- 8.1 Ата-аналарға некені бұзған және ата-ананың құқығы жоқ деген шешім болмаған жағдайда, әкімшілік баланы кез-келген ата-анаға беруі құқылы..
- 8.2 Қаңтар, ақпан айларында ауа-райының суықтығына, жазғы үш ай сауықтыру айларына байланысты баланы балабақшадан қалдырған жағдайда төлем ақы толық төленеді.
- 8.3 Осы келісім шарт екі данадан түзіледі, екі жаққа да заңды күші бар.
- 8.4 Балабақшаның жұмыс істеу уақыты 8.30-17.30

Бақша меңгерушісі:

Ата-ана:

А.Б.Шуленбаева

А. Бекетов